



Автор: Жұмабаева Асел Абугалиевна
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Өзім туралы
Тақырып: Күн тәртібі

Мақсаты :	1.1.2.4 Күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және тәртібін құру 1.1.2.5 Тәулік бөліктері мен апта күндерінің атауларын қолдану
-----------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	“Күн , түс, түн” ширату ойыны Шарты : - Күн сөзі айтылғанда оқушылар күндіз жасайтын әрекеттерді айтады; - Түс сөзі айтылғанда оқушылар түсте жасайтын әрекеттерді айтады; Түн сөзі айтылғанда оқушылар тунде жасайтын әрекеттерді айтады ҚБ: Жарайсың! Тамаша! Керемет! Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Күн тәртібін сақтай отырып оны құруды үйренеміз және тәулік бөліктері мен апта күндерінің атауларын қолданамыз. Күн тәртібі - іс-әрекеттерің мен міндеттеріңді, өз уақыттарыңды дұрыс ұйымдастыру. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі денсаулықты сақтаудың, міндеттерің мен мақсатыңа жетудің бірден бір кепілі. Дегенмен, біз күнделікті өмірде осы айтылған ережені сақтаймыз ба, бүгін сол туралы әңгімелесеміз.Күнімізді дұрыс әрі пайдалы өткізу. Күн тәртібін жоспарлау болмақ. Жаңа үйренген және еске түсірген ұғымдарды күнделікті өмірде қолдану. Топқа бөлу. Тәулік мезгілінің қима суреттері арқылы 3 топқа бөлу. (Таң- утро - morning, түс- день - day, түн- ночь - evening)	
Сабақтың ортасы (10 мин)	Ж. «Көршімен сырлас» -Өздерінің таңертең, күндіз,кешке не істейтіндіктері туралы бір – біріне айтып берулерін сұраймын. Мысалы: - Сендер күнде ұйқыдан қай уақытта тұрасыңдар? -Ұйқыдан тұрған соң әдетте не істейсіңдер? Өз уақыттарын қалай өткізетіні және не істейтіні туралы бір-біріне әңгімелейді. ҚБ: «Білезік» әдісі арқылы бағалайды. Сұраққа жалаң сөзбен жауап берсе – қызыл білезік Сұраққа толық жауап берсе – сары білезік Ойлануды қажет ететін сұраққа жауап берсе –жасыл білезік тағылады Т. «Дұрыс және бұрыс» әдісі I топ . Күн тәртібіне байланысты дұрыс нұсқау суреттер II топ. Күн тәртібіне байланысты бұрыс нұсқау суреттер. (не себепті екенін анықтайды) III топ. Күн тәртібіне байланысты екі суреттерді салыстыру тапсырмасы беріледі. ҚБ: «Басбармақ» әдісі арқылы бағалау Толық құрастырған топ Нұсқа бойынша 1 қате кетсе Нұсқа бойынша 2-3 қате	
Сергіту сәті (5 мин)	«Апта күндері» Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық Осылайша өте шықты бір апта (қимыл – қозғалыс арқылы жасату)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Ө. «Миға шабуыл» әдісі Апта атаулары кестесін пайдалана отырып, оқушылар аптаның әр күні бойынша немен айналысатыны туралы кесте құрастырады. Кестеде сағат, таң ату, таңертең, тал түс, күн, кеш, түн; күні бойғы әрекеттер мен оқиғалар жазылады. Уақыт кестесі шаблонын пайдалана отырып, оқушылар үйде өткізген бір күні бойынша өз кестесін құрастырады ҚБ. «Үш шапалақ» әдісі өзін-өзі бағалау (қолды жоғары-өте жақсы жауап берсе, орта-толық жауап берсе , төмен-жауап толық болмаса шапалақтау) Т. «Ойла, әңгімеле» әдісі . Саралау тапсырмасы А. Күн тәртібін ретімен белгіле В. Бір күніңді әңгімелеп бер С. Күн тәртібін тәулік мезгіліне топтастыр ҚБ: «Күшіңді көрсет»әдісі арқылы бірін-бірі бағалау Барлығы дұрыс болса- «мықты» 1 қате- «күшті» 2 қате- «әлді» Ө. «Сәйкестендіру» әдісі Оқушылар тәулік мезгілдерімен сол уақытта жасалатын іс- әрекеттің суретін сәйкестендіреді.Суретші таңертең ,күндіз, кешке жасалатыністерді шатастырып алды. Оларды ретімен сызық арқылы қосып шық. ҚБ: «Ынталандыру» Керемет! - Жарайсың! Сендей жақсы оқушы кемде-кем. Сен мұнан да мықты сала аласың! (Оқушының арқасынан қағады немесе басынан сипайды) Ж. «Диалог құру» әдісі -Сен демалыс күніңді қалай өткізесің? -Бұл күні кімдермен бірге өткізуді жоспарлайсың? -Демалыс күнінің қызықты болып өту үшін нені дұрыс ұйымдастыруың керек деп ойлайсың? т.б ҚБ: «Ішкі уәж» «Жарайсың!», «Керемет!» деп әркім өзінің арқасынан қағады. Ж. Тапсырма. Суреттерге мұқият қараңыз. Тәулік бөліктерінің атауын немесе оның бірінші әрпін атаңыз.</p>	